



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



«І.ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И.ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»



І.Жансүгіровтің **130 жылдығына** арналған
«ЖАНСУГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ: АЛАШЫ АРДАҚТАҒАН АҚЫН»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ: ВЕЛИКОЕ ДОСТОЯНИЕ НАРОДА»,
посвященной **130-летию** И.Жансугурова

MATERIALS

of the republican scientific and practical conference
**«ZHANSUGUROV READINGS: THE GREAT HERITAGE
OF THE KAZAKH PEOPLE»**,
dedicated to the **130th** anniversary of I.Zhansugurov

Талдықорған - 2024 - Талдықорған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

«І.ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И.ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»

І.Жансүгіровтің 130 жылдығына арналған
«ЖАНСУГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ: АЛАШЫ АРДАҚТАҒАН АҚЫН»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ: ВЕЛИКОЕ ДОСТОЯНИЕ НАРОДА»,
посвященной 130-летию И.Жансугурова

MATERIALS
of the republican scientific and practical conference
«ZHANSUGUROV READINGS: THE GREAT HERITAGE
OF THE KAZAKH PEOPLE»,
dedicated to the 130th anniversary of I.Zhansugurov

Талдықорған, 2024

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Ж26

Редакция алқасы: Е.А. Бурибаев (бас редактор), А.С. Бахтаулова (бас редактордың орынбасары), А.С. Кайкибаева, Ж.Б. Есенбек, Г.Т. Шүкенай

Редакционная коллегия: Е.А. Бурибаев (главный редактор), А.С. Бахтаулова (заместитель главного редактора), А.С. Кайкибаева, Ж.Б. Есенбек, Г.Т. Шүкенай

Editorial colleague: Ye.A. Buribayev (editor-in-chief), A.S. Bakhtaulova (deputy of editor-in-chief), A.S. Kaikibayeva, Zh.B. Yessenbek, G.T. Shukenai

І. Жансүгіровтің 130 жылдығына арналған **«ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ: АЛАШЫ АРДАҚТАҒАН АҚЫН»** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2024. 261 б.

Ж26 *Материалы республиканской научно-практической конференции «ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ: ВЕЛИКОЕ ДОСТОЯНИЕ НАРОДА», посвященной 130-летию И. Жансугурова – Талдықорған, Жетысуский университет им. И.Жансугурова, 2024. 261 с.*

Materials of the republican scientific and practical conference «ZHANSUGUROV READINGS: THE GREAT HERITAGE OF THE KAZAKH PEOPLE», dedicated to the 130th anniversary of I.Zhansugurov – Taldykorgan, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, 2024. 261 p.

ISBN 978-601-216-932-4

Жинақ материалдары білім беру мен ғылым саласында инновациялық зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғалымдарға, докторанттарға және магистранттарға арналған.

Материалы сборника предназначены ученым, докторантам и магистрантам, занимающимся инновационными исследованиями в образовании и науке.

Collection of materials is intended for scientists, Master and Doctor students, who are interested in innovative research in education and science.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-216-932-4

ӨОЖ 821.512.122

ІЛІЯС ЖАНСУГІРОВТІҢ ӨНДІРІСТІК ӨЛЕҢДЕРІ

Кыяхметова Ш.А.¹, Кыяхметова А.И.²

¹ Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

² №12 орта мектеп-гимназиясы, Талдықорған қ., Қазақстан

aset_shara@mail.ru, akiyaxmetova@mail.ru

Мақалада Ілияс Жансүгіровтің заман тынысын ұлттық өрнекпен жырлаған өлеңдері қарастырылады. ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы шығармаларында жаңарған Қазақстанның, өзгерген ауылдың, көркейген қырдың бейнелері мол суреттеледі. Бұл жылдарда қырға орнаған жаңа заводтар, кен ордаларындағы қайнаған еңбек, құс қанатын талдырған құлан жазық далада тартылған темір жолдар, газжап жаңалықтар ақын шығармашылығынан орын алды. Жаңарған дала өмірі, жаңа тұрмыс салты, даланы гүлдендірген екпінді еңбек жемістері, өз бақытын өз қолымен орнатып жатқан еңбекқор адам, жастар тұлғасы – барлығы ақын қаламына серпін берді.

Кілт сөздер: ақын, заман тынысы, зерттеу, тақырыптық ерекшеліктер.

В статье рассматриваются стихи Ильяса Жансугурова, воспевающие дыхание времени с национальным выражением. В произведениях тридцатых годов ХХ века богато иллюстрированы образы обновленного Казахстана, изменившегося села, облагороженного края. В эти годы в творчестве поэта появились новые заводы, кипящий труд в Рудных ордах, железные дороги, проложенные в куланской равнине, разбивавшей птичье крыло, удивительные открытия. Обновленная степная жизнь, новый образ жизни, яркие плоды труда, которые сделали степь процветающей, трудолюбивый человек, который строит свое счастье своими руками, личность молодежи – все это придало толчок перу поэта.

Ключевые слова: поэт, взгляд времени, исследование, тематические особенности.

The article examines the poems of Ilyas Zhansugurov, praising the breath of time with a national expression. In the works of Ilyas Zhansugurov of the thirties of the twentieth century, the images of a renewed Kazakhstan, a changed village, and an ennobled region are richly illustrated. During these years, new factories appeared in the poet's work, boiling labor in Ore Muzzles, railways laid in the Kulan plain, which broke the bird's wing, amazing discoveries. The renewed Steppe life, a new way of life, the bright fruits of labor that made the steppe prosperous, a hardworking man who builds his happiness with his own hands, the personality of youth – all this gave impetus to the poet's pen.

Keywords: the poet, the view of time, research, thematic features.

Кіріспе

Қазіргі қазақ поэзиясы ой жағынан толысып, көркемдік жағынан кемеліне келіп, пайымды парасаттылық сипаттарға ие болып, ауыр жүктерді арқалап, биікке алып шығатын шымыр поэзия дәрежесіне көтерілді десек, осы поэзияға Ілияс Жансүгіровтің қосқан мұрасы, жұмсаған күші, төккен тері аз емес. Қазақ әдебиеті тарихында Ілияс Жансүгіров ақындық еңбегінің салмағының басымдылығымен айырықша бағаланады және бұл жанрдан әрдайым кол үзген жоқ. Ақынның поэзия саласында туғызған өлеңдері – мазмұнының тереңдігімен, көркемдік қуаттылығымен әдебиеттіміздің алтын қорына қосылған асыл шығармалар. Ілияс ел өміріндегі іргелі оқиғалардың барлығына да дер кезінде үн қосып отырды. Бұл оның өлеңдерінің тақырыптық қамтуының мейлінше мол, жан-жақты болуына әсер етпей қоймады. «Ілияс Жансүгіровті биік тұғырға көтерген, сый-құрметке бөлеген дауылды дарыны мен туа біткен таланты» [1,8], деп бағалайды Т.Сыдықов.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысанына Ілияс Жансүгіровтің өндірістік өлеңдері алынып, мақала тақырыбын ғылыми тұрғыда жан-жақты таныту мақсатында отандық М.Имангазинов [2] және шетелдік Боров Ю. [3], Crews, Frederick C. [4] сынды ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Зерттеу мақсатына қол жеткізуде, ең алдымен, XX ғасыр басында 1930-37 жылдары жазылған Ілияс Жансүгіровтің ұраншыл-насихатшыл өлеңдері жинақталып, нақтылау, сұрыптау, салыстыру, талдау жұмыстары жүргізілді. Жинақталған материалдар негізінде зерттеу тақырыбына сәйкес қорытынды тұжырымдар жасалды. Ғылыми деректермен дәйектеуде теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу мақсаты аясында талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Қазақ халқы, оның өткені мен қазіргісі, болашағы бейнесінде алынатын дала образы сонау 1923 жылы жазған «Ұлы күн» атты өлеңінен бастап, одан кейінгі жылдары жазылған «Октябрь күні» (1926), «Ұлт отауын тіккенде» (1924), «Көш жөнекей (1925), «Заман» (1926), т.б. өлеңдерінде бір-біріне қанаттаса жырланып отырады. Бұл өлеңдердің әрқайсысында үлкен өмір, терең ой, тұжырымды қорытындылар бар. Кейін бұл топқа «Жаңа дала», «Алтын қазан» сияқты Қазақстан жерінде ашылған кен ошақтарында асыл қазыналар өндірілуін, жас қазақ жұмысшысының бейнесін, оянған дала көркін сипаттайтын шын мәніндегі шебер поэзиялық шығармалар қосылады. Ілияс 1926 жылы жазған «Ауылдың алды» өлеңінде де ауыл көшінің қозғалысы халықтың болашағын мінездейді, ол болашақтың жарқын екендігіне қалтқысыз сендірді. Бұдан кейінгі жылдары «Ұлы Октябрь» (1928), «Мәскеу-Қазақстан», «Отарба» (1930) өлеңдерінде де ақын өзінің даласының өткені мен бүгінгісін ешқашан ұмытпайды, дала образына соқпай кетпейді. Оның үстіне дала тақырыбындағы жырларының эпикалық тынысы біртіндеп кеңі беретіндігі, өмір құбылыстарының кесек картиналары қамтылып, лирикасына эпикалық фон қолданып, солардың біртіндеп сюжетті шығармаға ауысқандығы байқалады.

Қоғамда жаңа заман орнағанда әдебиетте оны қуаттаған немесе жат көрген шығармалардың тууы – заңдылық. Революция дәуірі ақындардың шығармашылық тұрғысына өз таңбасын түсірді, әсер етті. Ол әр ақынның арман-ойына, мінез-құлқына, таным-талғамына байланысты. Бұрын меңіреу жатқан қазақ жерінде Түркісіб темір жолының салынуы ақынды айырықша жағдайға бөлеген. Оның «Отарба» деген толғауы сол үлкен қуаныштың сыртқа шыққан көрінісі еді. Қазақстан жерінде ашылған кен ошақтарында асыл қазыналар өндірілуін, жас қазақ жұмысшысының бейнесін, оянған дала көркін сипаттайтын «Жаңа дала», «Алтын қазан» сияқты өлеңдері Қазақстанда орнаған өндірістерді көргендегі қуаныштан туған. «Жаңа дала» деген өлеңінде: «мыс толғанып, жез туып... Қазақстан болды аймақ», – деп, кескін-кейпі мүлде өзгерген, алтын мен күмісті, көмір мен темірді, мыс пен жезді мың тонналап алып отырған индустриялы Қазақстанды зор сүйіспеншілікпен мақтаныш ете толғайды, бірақ бұл-жалаң толғау емес, нағыз көтеріңкі, шаттық сезімге бөленген образды толғау. Осы кезде ақындығы, шығармашылығы өркендей бастайды. Келешек кемпірқосақ сияқты неше түрлі бояуға құбылып тұрды. Елдегі әлеуметтік қайшылықтар, әртүрлі саяси құбылыстар оның назарын көбірек аударды.

Нәтижелер мен талқылаулар

І.Жансүгіровтың 1928 жылы Мәскеудегі Журналистика институтын бітіріп шыққаннан кейінгі шығармашылық өсуі жаңа сапаға көтеріледі. Ғылым, білімге сусап келген дала ақыны институтта оқыған кезінде тарих, филология, әдебиет, журналистика ғылымдарын үлкен ықыласпен үйреніп, білімін жетілдіреді, әдебиет теориясынан көп сабақ алады. Оқу мен шығармашылығын қатар жүргізген ол сол жылдары соны тақырыпқа, өндіріс тақырыбына, еңбекті жырлауға ойысады. «Заводта», «Отарба» осындай туындылар. Бұлардың біріншісінде Москвадағы «Орақ-балға» аталатын шойын, болат қорытатын

заводтан алған әсерін таңдана суреттесе, екіншісінде қазақ даласына салынған темір жол мен отарбаның құдіретіне сүйсінеді. Сол кездегі қалтқысыз шындықпен сеніп жырлаған қоғамдағы өзгерістердің келешекте тарихи қателік ретінде бағаланарын Ілияс сол кезде анық білген жоқ. Онымен қоса, социалистік реализм әдісі де барлық қаламгерлерді саясаттың уысында шеңгелдеп ұстап, партияның айтқанына көніп, айдауына жүруіне еріксіз мәжбүр етті. Оған қарсы шыққандар, еркін жазуды көксегендер қудалауға түсіп, зорлықтың құрбаны болды. Ілиястың да қаламынан әртүрлі тақырыптағы өлеңдер дүниеге келді. Орыс ғалымы А.Б. Есин орыс классикалық әдебиетінде әлі де болса өз бағасын ала алмай жатқан орыс ақын-жазушыларының бар екендігін айта келе, өз зерттеулерінде соның себептерін ашып көрсетеді [5,112].

«Тілек», «Жалпы жасқа», «Заводта» сияқты біршама тәуір шығармаларынан басқа ақынның саяси лирикалары поэзияны саясат қалыбына еріксіз енгізген социалистік реализм әдісінің айқын дәлелі. Ақын «Жанар тау» атты алғашқы өлеңінде жаңа өмірді жас балдырғанға, жайқала шыққан өртеңге балауы бейнелі, әрі халық ұғымына жақын, түсінікті. 1926 жылы ақын Москвадағы «Орақ пен балға» зауытында болып, болат, шойын қорытуды бейнелеген «Заводта» өлеңін жазды. Ілияс өнеркәсіпті үгіттік поэзиясында үзбей жазып: «Отарба», «Комбайн», «Элеватор», «Тракторшыға» сияқты өлеңдерімен өндіріс тақырыбын кең көтерді. Өнеркәсіптің өсуіне үлкен мән берген ақын:

Төгілген алтын Алтай сілемінде,

Ертістің көкті жапқан иегінде,

Жаз бесік, алтын құндақ жатыр Ридер,

Сақтаған бар асылды жүрегінде, – деп, басталатын «Алтын қазан» өлеңін жазды. «Біздікі» деген өлеңінде 1928 жылғы тәркілеуді, биліктің өзгергендігін жазады. Конфискация кезінде Ілияс «Кәмпеске» поэмасын тудырып, онда Мұқан байдың елден аласталуын реалистік тұрғыда суреттейді. Ендігі жерде Қазан революциясының қазақ халқына әкелген бақыты, кеңес өкіметі орнауымен еңбекші халықтың тарихи дамудың даңғыл жолына түсуі, социалистік құрылыс майданындағы қажырлы күресі мен табысы ақынның азаматтық, саяси лирикасының арқауы, құлақ күйіне айналады. «Октябрь күні», «Заман», «Күн шыққанда», «Ұштасқан үш тілек», «Ұлы Октябрь», «Бүгінгі дала», «Қазақстан», т.б. осындай революцияның мән-мағынасын терең толғап, оның жеңісін баянды етуге шақырған, ақын көзқарасын білдіретін өлеңдер. Ақынның бейнелеуінде «Ұлы Октябрь» – «қажыған таптың қамы», «Қараңғы шақтың шамы», «Әлемнің әділ таңы болып» келген ұлы жеңіс, жаңа дәуірдің басы.

І.Жансүгіров «Октябрь екпіні» өлеңінде кеңес елінің өрлеп дамуын екпінді поездың жүрісіне балайды. Уақыттың алға қарай самғаған жеделдігін экспреске, жүйрік тұлпарға ұқсату сол кездегі қазақ әдебиетінде, әсіресе, поэзияда жиі ұшырасатын. Сол көркемдік тәсілді Ілияс та қолданған. Бұл өлеңнің құрылысы өзгеше, ырғағы - лып-лып етіп тұрған жылдам да, ойнақы. Автор өзінің негізгі ойын соғұрлым әсерлі, тартымды әрі көркем етіп жеткізіп беруге жарарлық ырғақ, ағым да, түр де таба алған. Бір байқалатыны, ертеректегі ақындар әдетте көзден бұл-бұл ұшқан бақ-берекені мезгілдік мазмұннан – өткен өмірден іздесе, Ілияс көңілін күйзелткен қазіргі қалыпқа мекендік маршрут бойынша – көрші кеңістікті қарсы қояды. Сөйтіп, бүгінгі Сарыарқаны бұрынғы Сарыарқамен емес, «мұжықтың қалың қаласымен, сұлу қоныр даласымен» салыстырады да, соған сәйкес қорытындыларға келеді. Осы тақырыптағы өлеңдері ақынның жоғарыда біз келтірген «Әншіден» басталған халықтық фольклорды үлгі тұтқан шығармаларға мүлде кереғар. Дегенмен, оның поэзиясының тақырыбы кеңейіп, мән-мағынасы салмақтана, шеберлік өрнегі дами береді.

Ілиястың барлық ақындар сүрініп жататын үгіт-насихаттық немесе ұраншыл, «өндірістік» деген өлеңдерінің өзінде серіппедей ырғақ, бірден бірге ұласып, еш уақытта үзілмейтін өрнектер бар. Жалпы, қазақ поэзиясының дамуына зор көркемдік қуатпен әсер ету тұрғысынан қарағанда, арғы-бергі қазақ поэзиясынан Ілиястың алатын орны бөлек. Ілиястың поэзиясы еселеген екпінімен, асау арынымен, алапат ағынымен, халық тілінің жауһарларын

жарқырата, емін-еркін қолдана білуімен, тұтқиылдан көркем сөз жасау шеберлігімен, ұлттық тіл бояуының құдіретін соншалық табиғи, соншама ағыл-тегіл қолдануымен, соның нәтижесінде ұлттық рухты мейілінше кемел жеткізуімен ықпал жасады.

I. Жансүгіровтің «Серт» (1930) өлеңі сол замандағы колхоз өміріне, егіс даласына еңбек етуге барша халықты тарту болса, ал жырдың басты идеясы да сол еңбекқорлыққа шақыру болып табылады. Шабыты желден жүйрік әрбір жалынды ақындарға үндеу ретінде жазылған. Өлеңнің барша болмысы колхозға көмектесу, егіс даласына шабытпен шақыру сынды ізгі ниет пен тілектерге тұнып тұр. «Жинал бүгін, кел бері! Бүгін әлем нұр шашты» деп әлемнің нұрлы, көктемнің жырлы екенін, алғашқы шумағында атап өтеді. Келесі шумағында қалам тербер ақындарды еңбекке, майданға келуге шақырды. «Өмір деген, бір күрес, Ақын күрес балуаны!» деп қамшының сабындай қысқа өмірдің өткінші екенін тек сынақтар мен күрестен тұратынын, түс секілді ғайып болатынын жырласа, ал ақынды сол өмір жолындағы балуанға теңейді. Ақылдылықтың өзі ақындықта екенін атап көрсетеді. Ал ақындық тек жүректің түбінде өмір сүретінін айқындайды.

Ілияс 1925 жылдан бастап өзгелер сияқты Алаштан іргесін айырып, кеңеске қосыла бастайды. Алаштың ықпалынан арылып, ауыл, мектеп, кеңес деген тақырыптарға жаза бастайды. Бірақ, одан бері де қателіктен сау, құлан таза деп айта алмаймыз. «Өндірістік», «үгіттік» өлеңдерінің өзінен де жалт-жұлт еткен алтын қиыршықтарындай көрінетін аса уытты, тегеуірінді, жігерлі шумақтар, өршеленген ағысты ырғақ, төгілген үстіне төгіле түсетін алуан ұйқастар, әуелетіп әкететін дыбыс әуезділігі, тың сөз саптаулары – нағыз ақындық тебіреністер, қанық бояулар молынан ұшырасады. Мәселен, ақынның «Комбайн» өлеңінің тақырыбы өндіріс болса да, шеберлігінің арқасында жансыз комбайнға жан бітіреді.

*Қызыл жемсау, көк тұмсық,
Қанаты іштен дүрілдеп.
Жүрсе, гүр-гүр сілкініп,
Ойнайды іші күрілдеп.
Зыр-зыр қағып көк ұршық,
Тракторы тырылдап,
Құрыш арыстан ырылдап,
Жіп-шынжырлар жыбырлап.
... Емізгендей ботасын,
Талтаяды бұл шіркін.*

I. Жансүгіровтің мұндай деңгейге көтерілуінің сыры, оның ең алдымен ұлттық рухани мұраны бойына сіңіріп, әлем әдебиетінің Шығыс пен Батыс арнасынан жіті үйренуіне байланысты. I. Жансүгіровтің 1932 жылы жазылған «Сеп, сеп, сеп...» өлеңі диалогқа құрылған. Отызыншы жылдардағы колхоз өміріне ашынған жастардың атынан жазылған. Жыр бозбаланың жырынан бастау алып, екеуінің бірге ұран ретінде айтуымен аяқталады. «Жеке-жеке құлданып, Жеген бізді бай құрсын» деген реніш байлардың озбырлығына ашынған халықтың бейнесін сипаттайды. «Ауылым колхоз болған соң, Қаңғырсын бай, қаңғырсын» деп жырды қыз бала жалғайды. Тізбектеліп келген қыз бала мен бозбаланың диалогына құрылған жырдың негізгі идеясы да «Сеп, сеп, колхоз, Сеп, колхоз!» деген ұранмен, колхоз халқын егіс даласына үндеу болып табылады. Сол замандағы колхоз өмірінің ауыр да қиын тұстарын еркін суреттейді. «Бес жылдықты төрт жылда!» деп колхоздағы бес жылға жоспарланған егіс науқанын, төрт жылда аяқтауға халықты шақырады. Өлең бозбала мен қыз баланың «Сеп, сеп астық! Сеп астық! Бес жылдықтың жемі астық!» деп, бірге айтуымен аяқталады. Ілиястың еңбекті, еңбек адамын дәріптейтін туындылары бір төбе. Оның пайымдауынша, еңбек-өмірдің арқауы, «Жас жалшыға», «Қырман», «Еңбекке», «Тракторшыға» сияқты өлеңдерінде қажымас қайрат, жігерге толы еңбек әрекеттері дәріптеледі. Әрине, заман өзгерді, өткен замандағы ұжымдастыру, индустриализациялау дәуірін бейнелейтін әуендер де де ескірді, әкімшілдік-әміршілдік те келмеске кетті. Ал Ілияс жырлаған сол кезеңдегі жаңа өмірге деген халықтың

ынта-ықыласы, талпынысы, тіпті трактор мен экскаватор, комбайн де әсем бейнелі көрінісін жойған жоқ. Әлем әдебиетінде романтикалық, реалистік, сатиралық және символикалық әдістер бар. Ақындар социалистік реализм әдісін қолданып өмірді жылтыратып көрсетеміз деп шындықты бұрмалады. Бұл үшін классиктерді кінәлап, өткеннің бәріне қара күйе жаға беруге болмайды. Өйткені бәрі де өз заманын жырлаған. Сәкен де, Сәбит те, Бейімбет пен Ілияс та кеңес дәуірін мадақтап, жырға қосты. Бұл өткен тарих. Қазір «таза» әдебиет іздеп жүрміз. Бірақ саясатсыз әдебиет деген жоқ. Осы тұрғыдан келгенде социалистік реализмді даттай беруге болмайды. І. Жансүгіровтің поэзиясы көркемдік жағынан мін-мүлтіксіз емес. Уақыт ұранына құлақ түргіш, шабыты ұшқыр ақынның кейде өмір шындығына терең бойламай, асығыс жаза салған өлеңдері бар. Дегенмен, Ілияс Жансүгіровтің философиялық топшылауларға, терең ой мен сырлы сезімге, тамаша көркемдік қуатқа толы, кең тынысты, сан-салалы поэзиясы қазақ әдебиетін ілгері дамытып, байыта түскен асыл қазына, мол мұра болып табылады.

Ілиястың ең таңдаулы өлеңдері шешендік толғау үлгісімен жазылған. Ақын «Толғау» дейтін шығармасында ежелгі шешендікке тән – тұспалдау тәсілімен ақ патшаның туы жығылып құлағанын, патша үкіметінің қазақ еліндегі таянышы – «жез қарғылы» болыс-билер биліктен айырылғанын көрсетеді. Құлаған топты мерткікен арыстанға, қираған қоғамдық құрылысты көшірілген аурулы аруаққа теңейді, социалистік революцияны көктем желі – «Алтын күрекке», еңбекші мәртебесін аспандағы айға балайды. Ілиястың осы секілді «Ұштасқан үш тілек», «Бүгінгі дала», «Домбыра», «Мәскеу-Қазақстан» секілді өлеңдері дәстүрлі толғау үлгісімен жазылған.

*Қазақстан даласы
Социалдық бір ана
Сол ананың ұлына
Бүтін бұл той болып тұр,
Соқ өлеңім, балғала!
Қазақстан тастары
Бүгін өрге домала!
Сол тастардың бірі боп!
Сен де, тілім, жорғала!*

Бұл жолдардың поэтикалық қуаты нөсердей төгілген сөзінен айқын көрініп-ақ тұр. Бұл – ақынның қаламы төселіп, үлкен әлеуметтік мәселелерді көркем тілмен өрнектеген кезі.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (грант № AP19680053).

Қорытынды

Абай дәстүрін дамытқан Ілияс ақындық сандығын кең ашып, ішінен маржандай тізілген меруертті өлеңдерін ақтарып, сөз өнерімізді байытты. Оның көрікті өлеңі ішіндегі терең мазмұнымен біте қабысып, бәйге бермес ақын екендігін көрсетті. Ілиястың ақындық шеберлігі, сиқырлы сөз құдіреті өлең оқырмандарына, жалпы жас ұрпаққа үлгі-өнеге боп қалмақ.

Ілияс Жансүгіров шығармашылығы – халқымыздың ұлттық рухын, табиғатын терең танытқан дүние. Ол – қазақ халқының өмір, өнер жайындағы ой-толғамы мен болмысты көру, түйсіну, қабылдау сипатын, рухани сымбаты мен аса бай шығармашылық қуатын, ұлттық психологиясын терең, кемел жеткізген, арғы-бергі тарихи дәуірлерге әділ сын көзімен қарап, халықтың мұңы мен мүддесі тұрғысынан асқақ азаматтық серпінмен толғай алған шебер ақын.

Ілияс даусы, Ілияс жыры, Ілияс есімі халық аузында, халық көңілінде мәңгілік өмір сүреді. Сондықтан да ақын өнегесі ұлттық поэзиямызбен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға қызмет ете бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сыдықов Т. Ілияс Жансүгіров ХХІ ғасыр көзімен. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 440 б.
2. Имангазинов М. Ілияс Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2006. – 252 б.
3. Боров Ю. Эстетика. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
4. Crews, Frederick C. «literary criticism». Encyclopedia Britannica.
5. <https://www.britannica.com/art/literary-criticism>.
6. Есин А. Русская литература в оценках, суждениях, спорах. – Москва: «Флинта», 2011. – 340 с.
7. Кыяхметова Ш. Ілияс Жансүгіровтің рухани әлемі. – Алматы: Баянжүрек, 2019. - 304 б.

Капенова А.А., Маусымбекова А.А. БІЛІМГЕРЛЕРДІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	118
Капенова А.А., Сейдрасыл С.М. БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ ІС-ӘРЕКЕТІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	122
Касымбекова Д.Ж. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	126
Қасымханова М.Ж. ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ	132
Клинчук А.К. СПОСОБЫ АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ	137
Kulybekov A. THE ROLE OF ZHANSUGUROV'S LITERATURE IN PRESERVING KAZAKH CULTURAL HERITAGE AND TRADITIONS IN THE FACE OF GLOBALIZATION AND MODERN CHALLENGES	142
Курманова А.С. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ӨНЕР-БІЛІМ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ	146
Кыяхметова Ш.А., Кыяхметова А.И. ЛИЯС ЖАНСУГРОВТІҢ ӨНДІРІСТІК ӨЛЕҢДЕРІ	152
Қазбек А. АБАЙДЫҢ «ИНТЕРНАТТА ОҚЫП ЖҮР» ӨЛЕҢІНДЕГІ МӘТІНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	158
Қазтуған М.Ж. МӘДЕНИЕТ АРАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТ БОЛАШАҚ ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТЛІГІНІҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ	162
Құнанбайқызы А., Чалтикенова Л.А. І.ЖАНСУГРОВТІҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ	165
Құсайынова Д.Ж. ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ АУТИЗМ СПЕКТРІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	170